

Алматы облысының су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану арнайы режимін белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 453 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 желтоқсанда № 6063-05 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39-бабы 2), 2-1 тармақшаларына және 116-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бекітілген су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Алматы облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Алматы облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану арнайы режимі белгіленсін.

3. "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және ирригация министрлігі

Су шаруашылығы комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік

инспекциясының басшысы Р. Иманбет

Алматы облысы әкімдігінің 2023
жылғы 25 желтоқсандағы № 453
қаулысына 1-қосымша

№	Атауы	Су қорғау аймақтарының ені, метр	Су қорғау белдеулерінің ені, метр
1	Щипалка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
2	Шығыс Қарабұлақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
3	Саты өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
4	Кіші Жалаңаш өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
5	Чадай бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
6	Муаш өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500	100
7	Түрген-Қарасу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
8	Бахтияр өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
9	Төрткөл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
10	Жарылған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
11	Баубек бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
12	Үлкен Шарын өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
13	Тас Шарын бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
14	Қайназар өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100

15	Шақабай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
16	Шолақ-Қарғалы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
17	Тюремный өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
18	Сасықпай-Қарасу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
19	Кұтырған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
20	Алдияр өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
21	Шығыс Дегерес өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
22	Қарасу-Южный өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
23	Сарғамыс өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	240-600	35-100
24	Сорбұлақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
25	Бестерек-Қарасу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
26	Есентай (Весновка) өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
27	Қотырбұлақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
28	Джигитовка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
29	Қарасу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
	Мутная протока бастауының су қорғау		

30	аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
31	Аршалысай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
32	Көксай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500	100
33	Самамбай-Карасу бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
34	Жіңішке өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
35	Лушев өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
36	Рахат-Микушенко өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
37	Саламатка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
38	Могильный бастауының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
39	Садырсу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	600	100
40	Бесағаш өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
41	Көльсай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
42	Терісбұтақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
43	Кенсай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500	100
44	Қара-Арша өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
45	Грязный бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500	100

46	Жылысай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500	35-100
47	Байтал-Саз өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
48	Сүмбе өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
49	Ұзын-Бұлақ бұлағына су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	55-100
50	Хасан өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
51	Қара-Джерік өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
52	Ақтерек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
53	Жарсу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
54	Хасансай бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	55-100
55	Ұзын-Құнғайлы-Басы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500	35
56	Шұнкұрсай өзеніне өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
57	Құрметті өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
58	Кішікаксусай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
59	Шет-Шийбут өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
60	Талдысай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	55-100
61			35-100

	Супатсай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	
62	Бельшабар өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
63	Иссычка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
64	Ташты-Қара өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100
65	Талдыбұлақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	100
66	Қырғауылды өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері	500-600	35-100

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 453 қаулысына 2-қосымша

Алматы облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану арнайы режимі

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 145-1-бабында көрсетілген шарттарды ескере отырып қолданылады;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылыстармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын

жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

б) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

б) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК